

## **ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТИ TIMES HIGHER EDUCATION ASIA RANKINGS 2026 РЕЙТИНГІНДЕ «REPORTER» МӘРТЕБЕСІНЕ ИЕ БОЛДЫ**

Times Higher Education (THE) халықаралық рейтинг агенттігі 2026 жылғы Азия университеттері рейтингінде қатысу нәтижелері бойынша Дулати университетіне **«Reporter»** мәртебесін бергені туралы 2026 жылғы 24 сәуірде ресми хабарлама жолдады.

Бұл мәртебе университеттің халықаралық рейтингтік жүйеге деректер ұсынғанын және бағалау процесіне қатысқанын білдіреді.

THE Asia University Rankings 2026 рейтингінде зерттеу, оқыту, білім беру және интернационалдандыру сияқты критерийлер бойынша бағаланатын 18 тиімділік көрсеткіштерін пайдалана отырып, 36 мемлекеттен 929 университет рейтингке қатысты.

«Reporter» статусы – университеттің ашықтық, халықаралық деректермен жұмыс істеу және жаһандық академиялық кеңістікке интеграциялану бағытындағы маңызды жетістіктерінің бірі. Бұл статус университеттің дамуын бақылау және болашақта толық қатысуға мүмкіндік беретін бастапқы деңгей ретінде қарастырылады.

Бұл мәртебенің Дулати университеті үшін бірнеше стратегиялық маңызы бар:

### **Халықаралық танымалдықтың артуы**

THE сияқты беделді рейтинг жүйесіне қатысу университеттің жаһандық академиялық ортада көріну деңгейін арттырады. Бұл – халықаралық әріптестік пен академиялық байланыстарды кеңейтуге мүмкіндік береді.

### **Даму көрсеткіштерін бағалау**

Рейтингке қатысу университеттің:

- білім беру сапасын,
- ғылыми зерттеу деңгейін,
- халықаралық байланыстарын,
- және академиялық беделін объективті түрде талдауға мүмкіндік береді.

### **Болашақ рейтингке жол ашу**

«Reporter» статусы – толық рейтингке өтуге арналған алғашқы қадам. Бұл университетке келесі жылдары көрсеткіштерін жақсартып, Азия және әлемдік рейтингтерге кіруге мүмкіндік береді.

### **Бәсекеге қабілеттілікті арттыру**

Халықаралық рейтингтерге қатысу университеттің ішкі даму стратегиясын күшейтіп, білім беру сапасын үздіксіз жетілдіруге ынталандырады.

### **Студенттер мен оқытушылар үшін бедел**

Мұндай рейтингтерге қатысу:

- талапкерлер үшін университеттің тартымдылығын арттырады;
- оқытушылар мен зерттеушілер үшін академиялық беделді көтереді;
- халықаралық студенттерді тартуға ықпал етеді.

Times Higher Education Asia Rankings 2026 рейтингіндегі «Reporter» мәртебесі Дулати университетінің халықаралық академиялық кеңістікке белсенді түрде еніп келе жатқанын көрсетеді. Бұл – университеттің даму жолындағы маңызды кезең және болашақта жоғары рейтингтік орындарға қол жеткізуге берік негіз.

